

2. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы: Атамұра, 1982. - 204 б.
3. Құрман Н, Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. - Ақтөбе, 2010. - 144 б.
4. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. - Астана: Таным, 2008. - 162 б
5. Қараев Ж. Шығармашылық пен жасампаздықтың жаңа моделі // - 2 ақпан 2004. -№2

Жетписбаева Р.И., Тусенова Ж.Б., Даулетбаева Ж.Т.
«№66 мектеп-лицейі» КММ, Қарағанды қ.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ЖАҚСARTУДЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

Аннотация. Мақалада оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Бүгінгі өзгермелі қоғамда оқытушы білім алушыға тек қана ғылым негіздерін оқытып қана қоймауы тиіс. Осы тұрғыда оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері, «функционалдық сауаттылық» ұғымы, оның даму тарихы зерттелді. Отандық және шетелдік ғалымдардың функционалдық сауаттылыққа қатысты еңбектері жүйеленіп, сараланды. Жаңартылған білім мазмұнының өзіндік ерекшелігі айқындалды. Оның дәстүрлі білім жүйесінен өзіндік жаңалығы көрсетілді. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың мәні мен маңызы. «Адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» және білім беру сапасын жақсарту. Функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасатыны көрсетілді. Оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады: баланы оқуға, жазуға үйрету баланы ойлауға, дұрыс шешім қабылдауға, баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Кілт сөздер: функционалдық, функционалды сауатты, Қазақстан, дамыту.

Болашақта өркениетті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды дамыған елу елдің қатарында терезесін тең ететін ол әрине-білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі, білім беру жүйесінің функционалдық сауаттылықты жүзеге асыру мәселесін алға қойып отыр. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген.

Сонымен, функционалдық сауаттылық дегеніміз не?

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның маман-дығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс тандай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Сондай-ақ оқушының жеке тұлғажәне әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі басты назарға алынады. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті керек етеді, яғни дәстүрлі оқулардағы оқытушы мен шәкірт арасындағы көп жағдайлар оқушы көңілін қанаттандыра бермейтін қалыптасқан заңдылықтар ұстаз бен шәкірт арасындағы серіктестік қарым-қатынасқа ауысады. Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тетіктері.

PISA зерттеулері бойынша көш басында тұрған елдердің (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея, т.б) нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мынадай фактор әсер етеді:

а) білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
ә) оқыту нысандары мен әдістері;
б) білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
в) мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
г) мектепті басқару моделі;
ғ) барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;

д) ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, қажетті білім,білім, білік дағдыларды игеру, болашақта өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);

- азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрлері, тарихы, мәдениеті, діні мен тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі);

Функционалды сауатты адам - қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Жалпы, барлық зерттеушілердің болжамы бойынша адамдардың сауатсыздық деңгейінің төмендеуі, оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді.

Заманауи мектептің ең басты міндеті оқушы өмірінің барлық белеңдерінде білім алуға деген құлшынысын қалыптастыру үшін, оған әрбір қадамының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беруден, тәсілдер мен таным көздерін таңдауда бағдар ұстай білуге үйретуден тұрады. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады. Бұл – дәстүрлі мектеп моделінен рационалды модельге, әрі қарай феноменальді модельге «үш адым» ілгері аттау дегенді білдіреді. Осы мақсатқа қол жеткізу арқылы Қазақстан оқыту деңгейі мен сапасы жағынан жетекші елдер тобына қосылады. Ұлттық жоспардағы функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі тетігін нақтылап түсіндіре кетейін:

Бірінші тетік – оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Атап айтқанда, педагогтарды даярлау мен біліктілігін арттыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тағы басқа салаларда ілгерілеушілік байқалады.

Екінші тетік – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту. Яғни, функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін біртіндеп мектеп өміріне енгізу. Бағалау жүйесі функционалдық сауаттылықта сырттай бағалау және іштей бағалау болып бөлінеді. Іштей бағалау - оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау - әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері /ҰБТ, ОЖСБ-БОУД/. Сондай-ақ халықаралық /TIMSS, PISA және PIRLS/ зерттеулерге қатысуы. Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Критериялық бағалау жүйесі енгізілетін болады. Олар да ұлттық және халықаралық бағалау жүйелері арқылы жүргізіледі.

Үшінші тетігі – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы. Ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек. Бұл үшін жаңа әдістеме әзірленіп жатыр.

Төртінші тетік – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Ұлттық жоспарда оқушылар сарайы, музыка мектептері, жас техниктер мен натуралистер станциялары жұмыстарын түбегейлі өзгерту қарастырылған. Еліміз тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жаңартылатын болады.

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ балаларымыздың жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан білім берудің жаңа әдістеріне көшу

керек,- деп атап айтты. Тәуелсіздік алған еліміздің ертеңі болашақ жастардың қолында болғандықтан, білім саласын жаңғырту- ілгерілеу кепілі деп айтуға болады. Қазақстанның әлеммен терезе теңестіруі үшін аса маңызды қажеттілік білім, ғылым саласын жандандыру. Жас ұрпаққа тәлімді тәрбиемен қатар, заманауи білікті білім беру мәселесі жас мемлекет үшін ауадай қажет. Осыны басты бағыт негізінде білім беру жүйесі күрделі өзгерістер енгізуде.

Мемлекет басшысы республика халқына арналған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты биылғы дәстүрлі Жолдауында елімізде адами капиталдың сапалы өсуіне ерекше мән беріп, «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келелі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор» деп, педагогтар қауымының алдына аса маңызды және жауапкершілігі үлкен міндеттер белгіледі. Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде сапалы білім алудың қажеттілігі үдемелі артуда. Уақыт талабына сай өмір сүру үшін бәсекелестік күшейген кезде басқаша болуы мүмкін де емес. Оқыту үдерісіне қазіргі заман талабына сай технологиялар мен әдістемелерді енгізу, ғылым мен техника жетістіктерін пайдалану, этнопедагогиканың озық үлгілерін қайта жаңғыртып, қолдану, педагог мамандардың сапасын көтеру, оқушылардың функцияналдық сауаттылығын көтерумен қатар, тәрбие жұмысын жақсарту – күн тәртібінен түспейтін мәселелерге айналды. Қоғамда үлкен қозғалыс туғызған Жолдауда өскелең ұрпаққа тек білім беру ісімен шектелмей, жеткіншектеріміз игерген білімін одан әрі әлеуметтік бейімделуге ұластыруға қабілетті болуға, бұл үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатымен Ұлттық жұмыс жоспарын іске асыру қажеттілігі айтылған.

Баяндаманың соңында қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады:

1. Оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;
2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
3. Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
4. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
5. Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету;
6. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы;
7. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы;
8. Қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеге баулу;

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби құзіреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдістермен, ескі біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Олай болса қоғам – жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұстаздарға мұқтаж.

Қортындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді. Сонымен оқушыны оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдарманы ұсынуға болады: баланы оқуға, жазуға үйрету баланы ойлауға, дұрыс шешім қабылдауға, баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау.

Әдебиеттер:

1. <https://cyberleninka.kz> Асанбаева Е.Б.«Оқу сауаттылығы оқушылардың функционалды сауаттылығының негізі» 2018 ж.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары. Астана, Әділет, 2012.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012

4. «Оқу мен оқытудың белсенді әдістері». Астана, 2013ж.sabak.kz

Жукова Л.Н., Ефимик М.Н.
КГУ «Гимназия имени Шакарима» г. Караганда

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ ЧЕРЕЗ СИСТЕМУ УПРАЖНЕНИЙ

Аннотация. Развитие функциональной грамотности важное направление в системе образования. В статье на примерах из опыта работы рассказывается о системе упражнений, формирующих уровни математической грамотности. Такой подход позволяет подготовить учащихся к практическому применению знаний.

Ключевые слова: новые подходы, функциональная грамотность, система упражнений, практическое применение знаний.

Изменения в мировой экономике, породившие необходимость приспособления к конкурентной экономической среде, обострили проблемы качества образования, поскольку «образовательный интеллект» населения рассматривается важнейшим стратегическим ресурсом государства.

Образовательный интеллект является ключевым индикатором качества образования, так как именно через призму образовательных результатов рассматривается эффективность образовательной политики страны и определяется необходимость реформ в системе образования и их темпов. Именно результаты международных исследований PIRLS, TIMSS, PISA служат целевыми показателями качества образования страны, которые отражены в Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы от 27 декабря 2019 года №288 [1].

Основой высокого уровня математического образования на разных ступенях обучения является математическая грамотность подрастающего поколения. Поэтому обеспечение математической грамотности школьников ориентировано на развитие компетентностей, способствующих реализации концепции «образование через всю жизнь».

Каждый учитель математики сталкивается в процессе своего преподавания с вопросом, который при изучении нового раздела задают ученики во всех классах «Где мне это пригодится?». И в старших классах эта проблема встает более остро и зачастую сложно найти практическое применение новому материалу. Данная проблема усугубляется тем, что учащиеся обладают низким уровнем чтения и анализа чертежей, графиков, и не видят как явно, так и неявно заданные условия на готовых чертежах.

По этой причине нами была выбрана именно эта тема для исследования. Обобщая полученные выводы и понимая, что учителя дают сильные предметные знания, но не учат применять их в реальных, жизненных ситуациях. Мы стали реализовывать на практике поставленные цели по развитию функциональной грамотности учащихся нашей гимназии, через чтение графиков и решение задач на готовых чертежах с практическим применением.

Так в 5 классе при повторении действий с натуральными числами в 1 четверти учащимся предлагается провести действия с натуральными числами, но предварительно, прочитав информацию из таблицы.

Задание: Алия решила приготовить салат «Оливье». Для этого написала список продуктов и их количество. После исследования цен в супермаркетах составила таблицу, куда выписала диапазон цен по каждому наименованию. Определите, в каком супермаркете Алие экономично сделать закуп продуктов?